

**"Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 желтоқсандағы N 1252 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

*міндетін атқарушы*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы**

**Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын-алу туралы**

Осы Заң кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын-алу туралы мемлекеттік органдар қызметінің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін белгілейді.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

**1-бап. Негізгі ұғымдар**

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) қадағалаусыз қалған - ата-анасының және оларды ауыстырушы адамдардың өзге де заңды өкілдердің, сондай-ақ педагогтардың, тәрбиешілердің және кәмелетке толмағандарды қадағалауды жүзеге асыруға міндетті басқа да оқыту, тәрбиелеу немесе өзге де мекемелер қызметкерлерінің тарапынан оны тәрбиелеу, оқыту және (немесе) бағып-күту жөніндегі міндеттерді орындамауы немесе тиісінше орындамауы салдарынан тәртібі бақылаусыз қалған кәмелетке толмаған бала;

2) панасыз қалған - тұрғылықты жері жоқ қадағалаусыз қалған бала;

3) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың

қадағалаусыз қалуының алдын алу (бұдан әрі - кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу) - кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен қадағалаусыз және панасыз қалудың және қоғамға жат іс-әрекеттердің алдын алуға бағытталған құқықтық, педагогикалық, медициналық және өзге де шаралар жүйесі, әлеуметтік қауіпті жағдайдағы кәмелетке толмағандармен және оларды тәрбиелеу, оқыту және бағып-күту бойынша міндеттерін орындамайтын немесе олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін ата-аналармен және басқа да заңды өкілдермен жеке алдын алу жұмыстарын қоса жүзеге асыру арқылы оған ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою;

4) жеке алдын алу жұмысы - мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың және жекелеген азаматтардың кәмелетке толмағандар мен тұрмысы жайсыз отбасыларды дер кезінде анықтау, оларды әлеуметтік оңалту және (немесе) олардың құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі қызметі;

5) тұрмысы жайсыз отбасы - кәмелетке толмағандардың ата-анасы немесе заңды өкілдері оларды тәрбиелеу, оқыту, бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын және (немесе) олардың тәртібіне теріс әсер ететін отбасы;

6) кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу - баланы қоғамда қабылданған және оның рухани, адамгершілік, психикалық, мәдени, интеллектуалдық дамуына және әлеуметтік ортаның теріс ықпалынан қорғауға бағытталған мінез-құлық ережелері мен нормаларына баулу жөнінде ата-аналар мен өзге де заңды өкілдердің тарапынан балаға ықпал ететін үздіксіз процесс;

7) кәмелетке толмағандарды бағып-күту - кәмелетке толмағандардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің өз қаржылық мүмкіндіктері мен қабілеттерінің шегінде оның дамуы, мүліктік құқықтары мен әлеуметтік стандарттарын қамтамасыз ету үшін жағдай жасауы;

8) әлеуметтік оңалту - кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу жүйесі органдары мен мекемелері жүзеге асыратын қиын жағдайдағы кәмелетке толмағандарды құқықтық, әлеуметтік, дене күтімі, психикалық, педагогикалық, моральдық және (немесе) материалдық қалпына келтіруге бағытталған шаралар кешені.

## **2-бап. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу туралы заңнама**

1. Қазақстан Республикасының кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан және өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы заңда көрсетілгеннен өзге ережелер белгіленген болса, оның қолданылуы үшін Қазақстан

Республикасының Заңын қабылдауды қажет ететін ерекше жағдайларды қоспағанда, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

**3-бап. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу саласындағы мемлекеттік саясат**

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу саласындағы мемлекеттік саясат құқықтық саясаттың бір бөлігі болып табылады және ол кәмелетке толмағандар үшін құқықтық және әлеуметтік кепілдіктер жасауды, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу жүйесін құрайтын органдар мен мекемелерді материалдық-техникалық, қаржылық, ғылыми-әдістемелік және кадрмен қамтамасыз етуді құрайды.

2. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу саласындағы мемлекеттік саясат мынадай принциптер бойынша жүзеге асырылады:

- 1) заңдылық;
- 2) кәмелетке толмағандармен ізгілікті қарым-қатынас;
- 3) отбасын қолдау;
- 4) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу шараларын қолданудағы кешенділік;
- 5) әлеуметтік қауіпті жағдайдағы әрбір кәмелетке толмаған баламен жеке жұмыс жүргізу;
- 6) құпиялылық;
- 7) қызметі әлеуметтік тапсырыстар беру және заң актілеріне сәйкес өзге де шаралар арқылы кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу жөніндегі шараларды жүзеге асырумен байланысты коммерциялық емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау;
- 8) кәмелетке толмаған баланың ата-анасымен, өзге де заңды өкілдерімен өзара қарым-қатынас жасау;
- 9) балалардың оқу, тәрбиелеу, емдеу, спорт және өзге де мекемелерінің тиісті түрде жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- 10) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзғаны үшін жауапкершілік;
- 11) ғылыми негізділік.

**4-бап. Мемлекеттік органдардың кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу саласындағы негізгі міндеттері**

Мемлекеттік органдардың кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу саласындағы негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз, панасыз қалудың және қоғамға жат іс-әрекеттердің алдын алу, олардың жасалуына ықпал ететін тигізген себептер мен жағдайларды анықтау және жою;
- 2) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қ а м т а м а с ы з е т у ;
- 3) қиын өмір кезеңін басынан кешкен кәмелетке толмағандарды әлеуметтік оңалту;
- 4) кәмелетке толмағандардың мінез-құлқын заңға бағынушылыққа қалыптастыру;
- 5) кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарға немесе қоғамға жат іс-әрекеттер жасауға тарту фактілерін анықтау және жолын кесу;
- 6) мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің және ұйымдардың кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу жөніндегі қызметін үйлестіру.

**5-бап. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу саласындағы мемлекеттік реттеу**

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу саласындағы мемлекеттік реттеуді Қазақстан Республикасының Үкіметі, орталық атқарушы органдары, сондай-ақ жергілікті атқарушы және өкілетті органдары жүзеге асырады.

**6-бап. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу жүйесі**

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу жүйесіне ішкі істер органдары, білім беру, денсаулық сақтау, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, әділет, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган, жергілікті өкілдік және атқарушы органдар, кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар және өз құзыретінің шегінде өзге де мемлекеттік органдар кіреді.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген органдарда заңнамада белгіленген тәртіпте кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу жөнінде жекелеген міндеттерді жүзеге асыратын өз құзыреті шеңберінде мекемелер құрылуы мүмкін.

3. Өзге ұйымдар кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз, панасыз қалудың алдын алуға заңнамада белгіленген тәртіпте қатысады.

## **2-тарау. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз, панасыз қалудың алдын алу саласындағы мемлекеттік органдар мен мекемелердің міндеттері және өкілеттіктері**

### **7-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті**

Қазақстан Республикасының Үкіметі кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу саласында:

1) оны жүзеге асыру жөнінде мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен ш а р а л а р ы н э з і р л е й д і ;

2) кәмелетке толмағандардың әлеуметтік қорғау жүйесін белгілейді;

3) кәмелетке толмағандардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтау және қорғау, бала құқықтарын қорғау жөніндегі міндеттерді жүзеге асыратын ұйымдардың желісін дамыту жөніндегі шараларды э з і р л е й д і және іске асырады;

4) кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрады;

5) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу, оларды әлеуметтік оңалту жөніндегі бағдарламаларды бекітеді.

### **8-бап. Жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың құзыреті**

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу саласындағы жергілікті өкілетті органдар өз құзыреті ш е г і н д е :

1) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алуда жергілікті бюджеттің шығыс бөлігінің орындалуын, өңірлік экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларды бекітеді және олардың жүзеге а с ы р ы л у ы н б а қ ы л а й д ы ;

2) кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның құрамын бекітеді;

3) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді заң актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

2. Жергілікті атқарушы органдар кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу саласындағы өз жұмысын жергілікті мемлекеттік басқару деңгейіне сәйкес және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген құзыреті шегінде ұйымдастырады.

3. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы о р г а н д а р ы :

1) кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі

комиссиялардың жеке құрамын бекіту үшін тиісті мәслихаттарға ұсынады және олардың жұмысын ұйымдастырады;

2) қиын өмір кезеңін басынан кешірген кәмелетке толмағандардың және тұрмысы жайсыз отбасылардың өңірлік есебін жүргізеді;

3) қиын өмір кезеңін басынан кешірген кәмелетке толмағандарды заңнамада белгіленген тәртіпте жұмысқа және тұрмыста орналастыру бойынша, өзге де көмектер көрсету жөніндегі шараларды қабылдайды;

4) қызметтері кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз, панасыз қалудың алдын алу, салауатты өмір салтын насихаттау, жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша шараларды жүзеге асырумен байланысты болатын коммерциялық емес және басқа да ұйымдарға ұйымдастырушылық-әдістемелік көмек көрсетеді;

5) кәмелетке толмағандар үшін әлеуметтік инфрақұрылымның, соның ішінде бала құқығын қорғау жөніндегі міндеттерді жүзеге асыратын ұйымдардың қалыптасуын қамтамасыз етеді және олардың қызметтерінің мониторингін жүзеге асырады.

4. Аудандардағы (облыстық маңызы бар қалалардағы) жергілікті атқарушы органдар :

1) кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялардың жеке құрамын бекіту үшін тиісті мәслихаттарға ұсынады және олардың жұмысын ұйымдастырады;

2) қиын өмір кезеңін басынан кешірген кәмелетке толмағандардың және тұрмысы жайсыз отбасылардың жеке есебін жүргізеді;

3) кәмелетке толмағандар үшін әлеуметтік инфрақұрылымның қалыптасуына ықпал етеді.

### **9-бап. Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар**

1. Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия кәмелетке толмаған құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз, панасыз қалуының алдын алу, олардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау саласындағы мемлекеттік органдар мен мекемелерін қызметтерін үйлестіруді қамтамасыз ететін, тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган болып табылады.

2. Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия Қазақстан Республикасының Үкіметі жанынан, ал облыстық, қалалық, қаладағы аудандық, аудандық комиссиялар тиісті жергілікті атқарушы органның (әкімдік) жанынан құрылады.

3. Қажет болған жағдайда кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия аудандық орталықтан айтарлықтай қашықтықта орналасқан кенттік әкімнің жанында құрылуы мүмкін. Кент әкімі жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия аудандық

комиссия құқықтары мен міндеттеріне ие болады. Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі кенттік комиссияны құру туралы шешімді облыстық әкімдік қабылдайды, ал оның және құрамын тиісті ауданның мәслихаты

б е к і т е д і .

4. Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның құрамына төраға, төрағаның орынбасары, комиссия мүшелері және жауапты хатшы кіреді. Төраға мен жауапты хатшы тиісті мемлекеттік органдардың аппараттарындағы штаттық лауазымда болады. Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі кенттік комиссия төрағасының міндеттерін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі атқарады.

5. Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның құрамына тиісті деңгейдегі мәслихаттардың депутаттары, ішкі істер органдарының, білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау, әділет органдарының, жұмыспен қамту, қамқорлық пен қорғаншылық мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының, қадағалаусыз, панасыз қалуының алдын алуға, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға мүдделі қоғамдық және өзге де ұйымдардың өкілдері кіреді.

6. Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар алдына қойылған міндеттерге сәйкес және өз құзыреті шегінде:

1) кәмелетке толмағандардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру, кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз, панасыз қалуына, құқық бұзушылықтар мен қоғамға жат іс-әрекеттер жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою бойынша шараларды жүзеге асырады;

2) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың және қоғамға жат іс-әрекеттердің алдын алу, оларды әлеуметтік оңалту жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметтерін жетілдіруге бағытталған бағдарламалар мен әдістемелерді әзірлеу;

3) бала құқығын қорғау жөніндегі міндеттерді жүзеге асыратын ұйымдардағы кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту, бағып-күту жағдайларын бақылауды қамтамасыз етуге қатысады;

4) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз, панасыз қалудың жай-күйін байқайды және осы салада әлеуметтік зерттеулердің жүргізілуін ұйымдастырады;

5) бала құқығын қорғау жөнінде міндеттерді жүзеге асыратын ұйымдар желісінің дамуына септігін тигізеді және олардың қызметтерінің мониторингін қамтамасыз етеді;

6) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз, панасыз қалудың алдын алумен айналысатын органдар мен ұйымдардың іс тәжірибесін жинақтап, таратады және оларға ұйымдастырушылық-практикалық көмек көрсетеді;

7) мүдделі мемлекеттік органдар жетекшілерінің кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз, панасыз қалудың алдын алу бойынша жүргізген жұмыстары жөнінде есеп берулерін тыңдайды және олардың арасында осы мәселелер бойынша өзара ақпарат алмасуды ұйымдастырады;

8) кәмелетке толмағандарды арнайы білім беру ұйымдарына және бағып-күтудің ерекше тәртібі қолданылатын білім беру ұйымдарына жіберу мәселелері бойынша сотқа материалдарды даярлауға қатысады;

9) қылмыстық-атқарушы жүйе мекемелерінен босатылған немесе арнайы білім беру ұйымдары мен бағып-күтудің ерекше тәртібі қолданылатын білім беру ұйымдарынан қайтып оралған кәмелетке толмағандарды жұмысқа және тұрмыста орналастыруға, сондай-ақ қиын өмірлік кезеңді бастан кешіріп отырған кәмелетке толмағандарды әлеуметтік оңалту бойынша басқа да міндеттерді жүзеге асыруға мүдделі органдар қызметін үйлестіреді;

10) құқық бұзушы кәмелетке толмағандарға, сондай-ақ тәрбиелеу, оқыту және бағып-күту бойынша өз міндеттерін орындамайтын немесе олардың мінез-құлықтарына теріс әсер ететін кәмелетке толмағандардың ата-аналары мен кәмелетке толмағандардың заңды өкілдеріне қатысты материалдарды заңмен белгіленген тәртіпте қарастырады.

7. Кәмелетке толмағандар ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялардың құрылу тәртібі және олардың қызметінің ұйымдастырылуы заңмен белгіленеді.

### **10-бап. Ішкі істер органдарының құзыреті**

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз, панасыз қалудың алдын алу саласында ішкі істер органдары өз құзыреттерінің шегінде:

1) осы Заңның 18-бабының 1-12-тармақтарында көрсетілген кәмелетке толмағандарға, сондай-ақ оларды тәрбиелеу, оқыту, бағып-күту бойынша өз міндеттерін орындамайтын және (немесе) олардың мінез-құлықтарына теріс әсер ететін кәмелетке толмағандардың ата-аналары мен заңды өкілдеріне қатысты жеке алдын алу жұмыстарын жүргізеді, анықтайды, есебін жүргізеді;

2) кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтар, қоғамға жат іс-әрекеттер жасауға тартатын немесе балаларға қатысты басқа да құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасайтын адамдарды, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және (немесе) бағып-күту бойынша өз міндеттерін орындамайтын немесе тиісінше орындамайтын, не болмаса олардың мінез-құлықтарына теріс әсер ететін кәмелетке толмағандардың ата-аналары мен заңды өкілдерін, педагогтарды, тәрбиешілерді, оқу, тәрбие және кәмелетке толмағандарды қадағалауды жүзеге асыруға міндетті басқа да мекеменің өзге қызметкерлерін анықтайды және белгіленген тәртіпте оларға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жауапкершілікке тарту



жөнiндегi шаралар қолданады;

3) кәмелетке толмағандар жасаған немесе олардың қатысуымен жасалған әкiмшiлiк құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жайлы өтiнiштер мен хабарламаларды белгiленген тәртiпте қарастырады және белгiленген тәртiпте оларға себепшi болған себептер мен жағдайларды жоқ жөнiнде ұсыныс енгiзедi, олардың орындалуын бақылауды қамтамасыз етедi;

4) арнайы бiлiм беру ұйымдарына және бағып-күтудiң ерекше тәртiбi қолданылатын бiлiм беру ұйымдарына жiберiлген кәмелетке толмағандарға қатысты материалдарды дайындауға қатысады;

5) қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларға және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларына сотталған кәмелетке толмағандардың өмiр салтын және мiнез-құлқын бақылауды қамтамасыз етуде әдiлет органдарының қылмыстық-атқару инспекцияларына көмек көрсетедi;

6) Әдiлет министрлiгiнiң қылмыстық-атқару инспекцияларымен бiрге балаларын тәрбиелеу, оқыту және күту жөнiндегi өз мiндеттерiн орындамайтын және (немесе) олардың мiнез-құлқына керi әсер ететiн Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексiнiң 72-бабы бойынша жазасын өтеу кейiнге қалдырылған сотталған әйелдерге қатысты материалдар дайындайды;

7) кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуы, құқық бұзушылықтары мен қоғамға жат iс-әрекеттерi, оған себепшi болған себептер мен жағдайлар жөнiнде мүдделi органдар мен мекемелердi хабардар етедi;

8) кәмелетке толмағандардың, олардың ата-аналарының және басқа да заңды өкiлдерiнiң құқықтық тәрбиесiнде бiлiм беру органдарына көмек көрсетедi;

### **11-бап. Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейiмдеу және оңалту орталықтары**

1. Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейiмдеу және оңалту орталықтары (бұдан әрi - КУОБОО) кәмелетке толмағандарды қабылдауды және уақытша ұстауды қамтамасыз ететiн уәкiлеттi органдардың арнайы балалар мекемесi болып табылады. Мұнда:

1) қылмыстық жауапкершiлiкке тартылатын жасқа жеткенге дейiн қылмыстық белгiлерi бар қоғамға қауiптi әрекет жасаған;

2) өмiр сүру және тәрбиелену жағдайларына байланысты олардың бұрынғы тұрғылықты жерiнде бұдан әрi тұру мүмкiндiгi болмаған жағдайларда қылмыстың жасалуына айыпталушы;

3) арнайы бiлiм беру ұйымдарына және ерекше ұстау режимiндегi бiлiм беру ұйымдарына жiберiлген;

4) ата-аналарын немесе өзге де заңды өкiлдерiн анықтау үшiн үш жастан он сегiз жасқа дейiнгi қадағалаусыз және панасыз қалған;

5) қамқоршылық және қорғаншылық органдарына уақтылы орналастыру мүмкiндiгi

болмаған жағдайда ата-анасының немесе оларды ауыстыратын адамдардың қамқорынсыз қалған, сондай-ақ олардың өміріне немесе денсаулығына тікелей қауіп төнген кезде қамқоршылық және қорғаншылық органдары ата-анасынан (олардың біреуінен) немесе оларды қамқоршылыққа алған басқа да адамдардан алып қойған кәмелетке толмағандар орналастырылады.

Осы тармақтың 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген кәмелетке толмағандар КУОБОО-да өзге де негіздер бойынша ұсталатын кәмелетке толмағандардан бөлек ұ с т а л а д ы .

2. Кәмелетке толмағандарды КУОБОО-ға орналастыру үшін:

1) осы баптың 1-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген кәмелетке толмағандарға қатысты - прокурор рұқсат берген қылмыстық қудалау органының немесе соттың қаулысы;

2) осы баптың 1-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген кәмелетке толмағандарға қатысты - қамқорлық және қорғаншылық органының қаулысы негіз болып табылады .

3. Түнгі уақытта, демалыс немесе мереке күндерінде, сондай-ақ өзге де ерекше жағдайларда осы баптың 1-тармағының 1), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген кәмелетке толмағандар КУОБОО-ға қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органы бастығының (орынбасарының) қаулысы негізінде орналастырылуы мүмкін, бұл туралы жиырма сағат ішінде КУОБОО әкімшілігі прокурорды жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Осы бапта көрсетілген кәмелетке толмағандарға қатысты материалдар оларды одан әрі ұстау не болмаса орналастыру туралы мәселені шешу үшін КУОБОО-ға орналастырылған сәттен бастап үш тәулік ішінде сотқа, прокурорға немесе қамқорлық және қорғаншылық органдарына ұсынылады.

4. Кәмелетке толмағандарды КУОБОО-ға орналастыру үшін қажетті құжаттарды жинақтауды ішкі істер органдары қамтамасыз етеді.

5. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген кәмелетке толмағандардың КУОБОО-да болу мерзімі 30 тәуліктен аспауы тиіс. Осы баптың 1-тармағының 2), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген кәмелетке толмағандардың КУОБОО-да болу мерзімі оларды орналастыру мүмкіндігін қамтамасыз ету, ата-аналарын немесе өзге де заңды өкілдерін анықтау не болмаса қылмыстық істі жан-жақты тергеу үшін тек алты айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін. Осы санаттағы кәмелетке толмағандардың КУОБОО-да болу мерзімін ұзартуға:

1) осы баптың 1-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген кәмелетке толмағандарға қатысты - прокурор рұқсат берген қылмыстық қудалау органының немесе соттың қаулысы ;

2) осы баптың 1-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген кәмелетке толмағандарға қатысты - қамқорлық және қорғаншылық органының қаулысы негіз болып табылады .

6. Кәмелетке толмағандардың КУОБОО-да болу мерзіміне өкілетті денсаулық сақтау органы жариялаған карантин кезеңі, сондай-ақ кәмелетке толмағанның ауруына байланысты стационарлық медициналық мекемеде болу уақыты енбейді.

7. КУОБОО-ға алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық мас болу күйіндегі кәмелетке толмағандарды, сондай-ақ айқын көрінетін психикалық аурудың белгілері бар кәмелетке толмағандар орналастырылмайды.

8. Кәмелетке толмағандарды КУОБОО-да ұстаудың тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының уәкілетті органы бекіткен осы ұйымдар туралы ережеде белгіленеді.

## **12-бап. Білім беру органдарының құзыреті**

1. Білім беру органдары өз құзыреті шегінде:

1) девиантты мінез-құлқы бар кәмелетке толмағандарға арналған арнайы білім беру ұйымдарының және ерекше ұстау режиміндегі білім беру ұйымдарының, сондай-ақ баланың құқығын қорғау жөніндегі міндеттерді жүзеге асыратын өзге де ұйымдардың жүйесін дамыту жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

2) кәмелетке толмағандардың жазғы демалысын, бос уақытын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыруға қатысады;

3) белгісіз себептер бойынша жалпы білім беретін оқу орындарына бармайтын кәмелетке толмағандарды анықтайды және есепке алады, олармен және олардың ата-аналарымен немесе заңды өкілдермен жеке алдын алу жұмыстарын жүргізеді;

4) кәмелетке толмағандардың заңға бағынушылық мінез-құлықтарын қалыптастыруға, олардың бойына адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін дарытуға бағытталған бағдарламалар мен әдістемелерді әзірлейді және білім беру ұйымдарының жұмыс тәжірибесіне енгізеді;

5) дамуында немесе мінез-құлқында ауытқушылықтары бар кәмелетке толмағандарды анықтайтын психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияларды құрады, олардың кешенді тексерілуін жүргізеді және олардың одан әрі оқытылуы мен тәрбиеленуінің нысандарын анықтау жөніндегі нұсқауларды дайындайды;

6) девиантты мінез-құлқы бар кәмелетке толмағандарды, тұрмысы жайсыз отбасыларын анықтауға, оларды ішкі істер органдарында есепке алуға және олармен жеке алдын алу жұмыстарын жүргізуге қатысады;

7) жалпы білім беретін оқу орындарында тиісті спорт секцияларын, техникалық және өзге де үйірмелерді, клубтарды ұйымдастыруды және оларға кәмелетке толмағандарды тартуды қамтамасыз етеді.

## **13-бап. Арнайы білім беру ұйымдары және ерекше ұстау режиміндегі білім беру ұйымдары**

1. Арнайы білім беру ұйымдары және ерекше ұстау режиміндегі білім беру ұйымдары оқу-тәрбие немесе емдеу-тәрбиелеу мекемелері болып табылады және он бір жастан он сегіз жасқа дейінгі девиантты мінез-құлқы бар кәмелетке толмағандар үшін

олардың тәрбиесін, оқуын және әлеуметтік оңалуын қамтамасыз ету мақсатында қ ұ р ы л а д ы .

2. Әкімшілік жазалау шараларына әкеліп соғатын құқық бұзушылықтарды ұдайы жасайтын, оқудан, жұмыстан қаскөй жалтарушы, отбасынан және балалардың оқу-тәрбие ұйымдарынан ұдайы кетіп қалатын кәмелетке толмағандар, кәмелетке толмағандар ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның ұсынысы бойынша шығарылған сот шешімінің негізінде арнайы білім беру ұйымдарына бір айдан бір жылға дейінгі мерзімге жіберілуі мүмкін.

3. Қылмыстық белгілері бар қоғамға қауіпті әрекеттер жасаған, қылмыстық жауапкершіліктен босатылған кәмелетке толмағандар сот шешімінің негізінде алты айдан екі жылға дейінгі мерзімге ерекше ұстау режиміндегі білім беру ұйымдарына жіберілуі мүмкін .

4. Кәмелетке толмағандардың арнайы білім беру ұйымдарында және ерекше ұстау режиміндегі білім беру ұйымдарында болуы оның кәмелеттік жасқа жетуіне байланысты, сондай-ақ осы мекемелер әкімшіліктерінің ұсыныстары негізінде сот кәмелетке толмағандар өздерінің түзелуі үшін бұл шараны қолдануды бұдан әрі қажет етпейді деген қорытындыға келген жағдайда мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

5. Кәмелетке толмағандардың арнайы білім беру ұйымдарында және ерекше ұстау режиміндегі білім беру ұйымдарында болуының сотпен белгіленген мерзімі осы баптың 2 және 3-тармақтарында белгіленген тәртіпте, тек қана мынадай жағдайларда ұзартылуы мүмкін :

1) кәмелетке толмағандардың жалпы білімін немесе кәсіби дайындығын аяқтау қажеттілігі болған, бірақ олар кәмелеттік жастан аспаған жағдайда;

2) қылмыстық жауапкершілік басталатын жасқа жеткенге дейін қылмыстық белгілері бар қоғамға қауіпті әрекеттер жасалғанда.

6. Кәмелетке толмағандарды арнайы білім беру ұйымдарына және ерекше ұстау режиміндегі білім беру ұйымдарына жіберу туралы мәселені қарастыру кезінде прокурор міндетті түрде қатысуы тиіс.

7. Осы баптың 2, 3-тармақтарында көрсетілген, кәмелетке толмағандарды анықтауды және есепке алуды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар кәмелетке толмағандарды арнайы білім беру ұйымдарына және ерекше ұстау режиміндегі білім беру ұйымдарына орналастыру үшін қажетті құжаттарды жинауды қамтамасыз етеді.

8. Арнайы білім беру ұйымдарының және ерекше ұстау режиміндегі білім беру ұйымдарының әкімшілігі :

1) құрамына көрсетілген мекеменің аумағын күзету; тәрбиеленушілердің жеке бастарының қауіпсіздігін және олардың жағымсыз әсерден қорғалу; көрсетілген мекеменің аумағына бөгде адамдардың еркін кіріп-шығуын және одан тәрбиеленушілердің өз еркімен кетуін шектеу; кәмелетке толмағандарды тәулік бойы, оның ішінде ұйқыға берілген уақытта қадағалау және бақылау; кәмелетке

толмағандардың өздерін, олардың заттары мен ұйықтайтын бөлмелерін тексеру енетін кәмелетке толмағандарды ұстаудың арнайы жағдайларын қамтамасыз етеді;

2) көрсетілген мекеменің орналасқан жері бойынша және кәмелетке толмағандардың тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарына олардың өз еркімен кетіп қалу фактілері туралы хабарлайды және оларды іздестіруге және қайтаруға тікелей қатысады;

3) кәмелетке толмағанды көрсетілген мекемеден шығару туралы хабарламаны, сондай-ақ кәмелетке толмағанға мінездемесін және олармен алдағы уақытта жеке алдын алу жұмыстарын жүргізудің, жұмысқа және тұрмыста орналасуына көмек көрсетудің қажеттілігі туралы нұсқауларды кәмелетке толмағанның тұрғылықты жері бойынша кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға олардың ұсталу мерзімінің аяқталуына дейін бір ай қалғанда жібереді.

9. Арнайы білім беру ұйымдарына және ерекше ұстау режиміндегі білім беру ұйымдарына осы мекемелерде тұруына және оқуына кедергі болатын аурулары бар кәмелетке толмағандар орналастырылмайды. Мұндай аурулардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

10. Арнайы білім беру ұйымдарының және ерекше ұстау режиміндегі білім беру ұйымдарының қызметін құру және ұйымдастыру тәртібі және оларда кәмелетке толмағандарды бағып-күтудің шарттары білім беру саласында Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы бекіткен осы ұйымдар туралы ережемен анықталады.

#### **14-бап. Денсаулық сақтау органдары**

1. Денсаулық сақтау органдары өз құзыреті шегінде мыналарды:

1) кәмелетке толмағандар, олардың ата-аналары немесе заңды өкілдері арасында санитарлық-гигиеналық білімдерді таратуды, сондай-ақ салауатты өмір салтын насихаттауды;

2) кәмелетке толмағандардың маскүнемдігін, нашакорлығы мен уытқұмарлығын және осыған байланысты олардың мінез-құлықтарындағы ауытқушылықтарын алдын алу жөніндегі іс-шараларды әзірлеуді және жүзеге асыруды;

3) ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің қамқорлығынсыз қалған үш жасқа дейінгі адасқан, тастанды және басқа да балалардың тәулік бойы қабылдануын және бағып күтілуін;

4) кәмелетке толмағандар құқық бұзушылықтарының, қадағалаусыз, панасыз қалуының алдын алу жүйесінің мемлекеттік органдары мен мекемелеріне, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне кеңестік көмек көрсетуді;

5) алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық мас болу күйіндегі кәмелетке толмағандарды тәулік бойы қабылдауды және оларға медициналық көмек көрсетуді;

6) мінез-құлықтарында ауытқушылықтары бар кәмелетке толмағандарға Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес мамандандырылған диагностикалық және емдік-қалпына келтіру көмегін көрсетуді;

7) арнайы білім беру ұйымдарына және ерекше ұстау режиміндегі білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандардың денсаулық жағдайы туралы қорытындыны белгіленген тәртіппен дайындауды;

8) спирттік ішімдіктерді, есірткі құралдарын, психотроптық және адамның мінез-құлқы мен психикалық және дене функцияларына теріс әсерін тигізетін өзге де қатты әсер ететін заттарды теріс пайдаланатын кәмелетке толмағандарды анықтауды, есепке алуды, тексеруден өткізуді және медициналық әлеуметтік оңалтуды, сондай-ақ олардың құзыретіне жататын кәмелетке толмағандар маскүнемдігін, нашақорлығы мен уытқұмарлығын және осыған байланысты олардың мінез-құлықтарындағы ауытқушылықтарын алдын алу жөніндегі басқа да шараларды жүзеге асыруды;

9) жыныстық жолмен берілетін аурулардың көздерін анықтауды, осы аурулармен ауыратын кәмелетке толмағандарды тексеруден өткізуді және емдеуді;

10) кәмелетке толмағандар ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияларды кәмелетке толмағандар арасындағы нашақорлықтың, уытқұмарлықтың және маскүнемдіктің жағдайын, сондай-ақ осы бапта көрсетілген функцияларды жүзеге асыратын денсаулық сақтау мекемелерінің орналасқан орнын, олардың қызметтерінің мүмкіндіктері мен нәтижелері туралы хабарландырылуын ұйымдастырады.

### **15-бап. Еңбек жөніндегі мемлекеттік уәкілетті органдар**

Еңбек жөніндегі мемлекеттік өкілетті органдар кәмелетке толмағандардың еңбегін пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шарттарының сақталуын және жеке еңбек шарттарын жасасудың дұрыстығын бақылауды жүзеге асырады.

### **16-бап. Әділет органдары**

1. Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару инспекциялары кәмелетке толмағандардың өмір салттары мен мінез-құлықтарын қадағалауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларға және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларына сотталған кәмелетке толмағандармен жеке алдын алу жұмыстарын жүзеге асырады.

2. Әділет министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріндегі кәмелетке толмағандармен жеке алдын алу жұмысын өз құзыреті шегінде көрсетілген мекемелердің әкімшілігі жүргізеді.

### **17-бап. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз, панасыз қалудың алдын алуға қатысушы өзге де мемлекеттік**

#### **органдар**

1. Мәдениет органдары өз құзыреті шегінде:

1) кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуының және құқық

бұзушылықтарының алдын алу жөніндегі мақсатты бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

2) қызметтері кәмелетке толмағандар қадағалаусыз қалуының және құқық бұзушылықтарының алдын алу шараларын жүзеге асырумен байланысты балалар мен жастардың қоғамдық бірлестіктеріне, әлеуметтік мекемелерге, қорлар мен өзге де мекемелерге және ұйымдарға жәрдемдеседі;

3) кәмелетке толмағандардың демалысын, бос уақытын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыруға қатысады;

4) кәмелетке толмағандардың заңды сыйлауын және салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

2. Қамқорлық және қорғаншылық органдары өз құзыреті шегінде 18-баптың 1-тармағында көрсетілген кәмелетке толмағандармен, егер олар жетім болса немесе ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің қамқорлығынсыз қалса жеке алдын алу жұмыстарын жүргізуге қатысады.

### **3-тарау. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу жөніндегі қызметті ұйымдастыру**

#### **18-бап. Жеке алдын алу жұмысы**

1. Жеке алдын алу жұмысы:

1) қадағалаусыз және панасыз қалған;

2) арнайы білім беру ұйымдарында, ерекше ұстау режиміндегі білім беру ұйымдарында және кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарында ұсталатын;

3) спирттік ішімдіктерді, есірткі құралдарын, психотроптық және адамның мінез-құлқымен психикалық және дене функцияларына кері әсерін тигізетін өзге де қатты әсер ететін заттарды теріс пайдаланатын;

4) белгісіз себептермен жалпы білім беретін оқу орындарына қатыспайтын;

5) әкімшілік құқық бұзушылық жасаған;

6) қылмыстық жауапкершіліктен немесе ақталмайтын негіздер, оның ішінде рақымшылық немесе кешірім жасау актілері бойынша жазадан босатылған;

7) қылмыстық жауапкершілікке тартылатын жасқа жетпеуіне байланысты қылмыстық жауапкершілікке жатпайтын немесе психикасының бұзылуымен байланысты емес психикалық дамуының кешеуілдеуі салдарынан қылмыстық белгілері бар әрекет жасаған;

8) қамауға алумен байланысты емес бұлтартпау шаралары таңдап алынған қылмыстар жасауға айыпталушы немесе күдікті;

9) жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған;

10) жазасын өтеу кейінге қалдырылған немесе үкімнің орындалуы кейінге қалдырылған ;

11) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен босатылған;

12) ауыр емес немесе орташа ауыр қылмыстар жасағаны үшін сотталған және сот тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шараларын қолдану арқылы жазадан босатқан;

13) бас бостандығынан айырумен байланысты емес шартты түрде, қоғамдық немесе түзеу жұмыстарына, өзге де жазалау шараларына сотталған кәмелетке толмағандарға қатысты жүргізіледі .

2. Егер кәмелетке толмағандардың ата-аналары және өзге де заңды өкілдері оларды тәрбиелеу, оқыту және (немесе) бағып-күту бойынша өз міндеттерін орындамаса олардың мінез-құлықтарына теріс әсер етсе, жеке алдын алу жұмысы оларға қатысты жүргізіледі.

### **19-бап. Жеке алдын алу жұмыстарын өткізудің негіздері**

Егер осы Заңның 18-бабында көзделген жағдайлар мынадай құжаттарда:

1) сот үкімінде, анықтауында немесе қаулысында;

2) кәмелетке толмағандар ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның, прокурордың, анықтау органының қаулысында;

3) арыздарды, өтініштерді немесе басқа хабарларды тексерудің нәтижелері бойынша кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуының және құқық бұзушылықтарының алдын алу жүйесі органының немесе мекемесінің басшысы бекіткен қорытындыда ресми көрсетілген болса, олар кәмелетке толмағандарға, олардың ата-аналары мен заңды өкілдеріне қатысты жеке алдын алу жұмыстарын өткізудің негіздері болып табылады.

### **20-бап. Жеке алдын алу жұмыстарын өткізу мерзімдері**

Кәмелетке толмағандарға, олардың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне қатысты жеке алдын алу жұмысы кәмелетке толмағандарға әлеуметтік және өзге де көмек көрсету үшін қажетті мерзімде немесе кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз, панасыз қалуына, құқық бұзушылықтарына немесе қоғамға жат іс-әрекет жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жойғанға дейін, немесе олар он сегіз жасқа толғанға дейін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жағдайлардың басталуына дейін жүргізіледі.

### **21-бап. Жеке алдын алу жұмыстары жүргізілетін тұлғалардың құқықтары**

1. Жеке алдын алу жұмысы жүргізілетін кәмелетке толмағандардың, олардың ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің Қазақстан Республикасының Конституциясы , Бала құқығы туралы БҰҰ-ның Конвенциясы, Қазақстан Республикасының халықаралық келісім-шарттары, "Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы", "Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңдары, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері кепілдік берген құқықтары



мен бостандықтары қамтамасыз етіледі.

2. Арнайы білім беру ұйымдарында ерекше ұстау режиміндегі білім беру ұйымдарында және кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оналту орталықтарында ұсталатын кәмелетке толмағандар осы баптың 1-тармағында көрсетілген құқықтармен қатар, белгіленген тәртіпте:

1) осы мекемелерге орналастырылулары туралы ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне хабарлауға;

2) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз, панасыз қалудың алдын алу жүйесінің органдары мен мекемелерінің қызметкерлері қабылдаған шешімдер бойынша көрсетілген жүйенің жоғарғы тұрған органдарына, сондай-ақ прокуратура органдары мен сотқа шағым беруге;

3) ізгілікті, адамның намысына тимейтін қарым-қатынас жасауға;

4) телефонмен сөйлесу және саны шектелмеген кездесулер арқылы отбасымен байланыс жасауға; сәлемдеме; бандероль алу; саны шектелмеген хаттар мен жеделхаттар алуға және жіберуге;

5) тегін тамақпен, киіммен, аяқ киіммен және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен заттай үлестің нормалары бойынша басқа да заттармен қамтамасыз етуге құқылы.

## **22-бап. Осы заңның орындалу кепілдіктері**

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз, панасыз қалудың алдын алу жүйесінің органдары мен мекемелері өз құзыреті шегінде кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етуге, оларды құқық шектеудің барлық нысандарынан, дене немесе психикалық зорлықтан, қорлаудан, дөрекі қарым-қатынастан, сексуалдық және өзге де пайдаланудан қорғауды жүзеге асыруға, ауыр өмір жағдайындағы кәмелетке толмағандарды және тұрмысы жайсыз отбасыларды анықтауға, сондай-ақ мыналарға:

1) прокуратура органына - кәмелетке толмағандардың құқықтары мен бостандықтары бұзылуы туралы;

2) кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға - кәмелетке толмағандар білім алуға, еңбекке, демалысқа, тұрғын үйге құқықтарының және басқа да құқықтарының бұзылу жағдайлары туралы, сондай-ақ органдар мен мекемелердің қызметтерінде кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығының, қадағалаусыз, панасыз қалуының ескертуге кедергі жасайтын кемшіліктер туралы;

3) қамқорлық және қорғаншылық органына - ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің қамқорлығынсыз қалған не болмаса олардың өміріне, денсаулығына қауіп төндіретін немесе тәрбиесіне кедергі келтіретін жағдайда қалған кәмелетке толмағандар туралы;

4) ішкі істер органына - қадағалаусыз және панасыз қалған кәмелетке толмағандар,

тұрмысы жайсыз отбасылар, құқық бұзушылық немесе қоғамға жат іс-әрекеттер жасаған кәмелетке толмағандар, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды қылмысты немесе қоғамға жат іс-әрекеттерді жасауға тартып жүрген немесе оларға қатысты басқа да құқыққа қарсы әрекеттерді жасап жүрген ата-аналар және өзге де ересек адамдар туралы ;

5) денсаулық сақтау органына - спирт ішімдіктерін, есірткі құралдарын, психотроптық немесе адамның мінез-құлқы мен психикалық және дене функцияларына теріс әсерін тигізетін өзге де қатты әсер ететін заттарды теріс пайдалануына байланысты тексерілуді, қаралуды немесе емделуді қажет ететін кәмелетке толмағандар туралы ;

6) білім беру органына - балалар үйінен, мектеп-интернаттардан және басқа да балалар мекемелерінен өз еріктерімен кетулеріне байланысты немесе белгісіз себептер бойынша жалпы білім беретін орындардан оқуларының тоқтатылуына байланысты мемлекет көмегіне мұқтаж кәмелетке толмағандар туралы дереу хабарлауға міндетті.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*